

**«Volunteer time» жобасы аясындағы
«Creative Flow: меняя мир через искусство» конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» КММ (*бұдан әрі – Орталық*) әзірлеген Павлодар облысының волонтерлері арасында «Volunteer time» жобасы аясындағы «Creative Flow: меняя мир через искусство» конкурсының (*бұдан әрі – Конкурс*) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс 3 кезеңде өткізіледі:

1-кезең – 2025 жылғы 05 сәуір мен 2025 жылғы 25 сәуір аралығында өтінімдерді қабылдау;

2-кезең – комиссия отырысы, күні келісім бойынша;

3-кезең – 2025 жылғы 29 сәуір Конкурс жеңімпаздарын марапаттау.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Негізгі мақсаты: волонтерліктің қоғамға әсерін шығармашылық арқылы көрсету, жастарды игі істер жасауға шабыттандырып, волонтерлік қызметтің маңыздылығына назар аудару.

2.2. Негізгі міндеттері:

- Еріктілік құндылықтарын көрсететін шығармашылық бастамаларын қолдау және дамыту;
- Өнер арқылы жастарды волонтерлік қызметке тарту;
- Волонтерлер рөлі туралы қоғамның хабардарлығын арттыру.

3. Ұйымдастыру комитеті

3.1. Конкурсты дайындау және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- Конкурс ережесін әзірлеу, келісу және тарату;
- БАҚ-пен өзара қимыл, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желісі, телевизия, радио арқылы конкурс туралы ақпарат дайындау және тарату;
- Өтінімдерді қабылдау, Ережеге сәйкес конкурсқа қатысушыларды іріктеу;
- Қазылар алқасының жұмысын ұйымдастыру (комиссия отырысы туралы алдын ала хабарлау).

4. Конкурстың қазылар алқасы

4.1. Конкурстың қазылар алқасының құрамы волонтерлік саласындағы сарапшылардан, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдардың өкілдерінен қалыптастырылады.

4.2. Құзыретті қазылар алқасының міндеттері:

- Конкурсқа келіп түскен өтінімдерді қарау;
- Қатысушыларды номинациялар бойынша анықтау.

Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды!

4.3. Егер бір номинацияға үштен кем өтінім берілсе, онда бұл номинация қарауға жатпайды.

4.4. Үміткердің Конкурсқа қатысуға бір номинациядан артық емес өтінім беруге құқығы бар.

5. Конкурсты өткізу тәртібі

5.1. Конкурс 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең: Өтінімдерді және конкурсқа қатысушыларды іріктеу, өтінімдерді қарау.

Дайындық кезеңі: Ақпараттық материалды тарату, өтінімдерді/құжаттарды қабылдау.

Өтінімдерді қабылдау уақыты: 2025 жылғы 05 сәуір мен 2025 жылғы 25 сәуір аралығында сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.

2-кезең: Комиссия отырысы.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша Комиссия жеңімпаздар бойынша шешім қабылдайды.

3-кезең: Номинациялар бойынша жеңімпаздарды марапаттау, маарапаттау рәсімі 2025 жылғы 29 сәуірде сағат 10:00-де Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 38 мекенжайы бойынша өтеді.

5.2. «Creative Flow: меня мир через искусство» конкурсының номинациялары:

1. **«Игі істер»** – адамдарға көмек көрсетуді бейнелейтін жұмыстар (әлеуметтік волонтерлік, қайырымдылық, мұқтаж адамдарды қолдау).

2. **«Экологиялық волонтерлік»** – табиғатты қорғауға, аумақтарды тазалауға, көгалдандыруға және басқа да экобастамаларға арналған суреттер.

5.4. Конкурсқа қатысу тікелей қатысушының атынан осы Ереже қосымшасына сәйкес жасалған өтініммен расталады.

5.5. Өтінімге қатысты өзгерістер енгізілген жағдайда қатысушы дереу Конкурстың ұйымдастыру комитетіне хабарлауға тиіс.

5.6. Белгіленген мерзімнен кейін келіп түскен Конкурсқа қатысуға өтінімдер **ҚАРАЛМАЙДЫ!**

6. Қатысу шарттары

6.1. Конкурсқа қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне өтінімді беру қажет (1-қосымша).

6.2. Конкурсқа 14 пен 35 жас аралығындағы волонтер жастар қатыса алады.

6.3. Қатысушылар келесі жас ерекшелік санаттары бойынша бөлінеді:

- I санат: 14-17 жас;
- II санат: 18-24 жас;
- III санат: 25-35 жас.

6.4. Жұмыстар қатысушының жас ерекшелік санатын ескере отырып бағаланады.

6.5. Жұмыстарға қойылатын талаптар:

- Қатысушылар кез келген көркемдеу техникасында сурет салады (акварель, гуашь, қарындаш, цифрлық графика және т.б.).
- Жұмыс форматы – А4. Егер сурет цифрлық форматта жасалса, оны жақсы сапада басып шығарып, жұмыс процесін растау қажет (скриншоттар немесе жасау кезеңдерінің бейнесі).
- Жұмыстар таза және ұқыпты болуы тиіс (жыртылған, мыжылған немесе лас жұмыстарға жол берілмейді).
- Әрбір жұмысқа идеяның қысқаша сипаттамасы қоса беріледі (сөз саны 200-ге дейін).

6.6. Жұмысты тапсыру тәртібі:

- Қатысушы өтінімді толтыруға тиіс (1-қосымша).
- Сурет Instagram желісінде @birgemiz_front_office_pvl парақшасын белгілеп, #CreativeFlow_меняя_мир_через_искусство хэштегін қосып жарияланады (жарияланым үлгісі 2-қосымшада).
- Жарияланғаннан кейін қатысушы конкурстық жұмыс пен өтінімді Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» КММ-не Ломов көшесі, 38, 210-кабинетке алып келуі тиіс.

6.8. Шектеулер:

- Плагиат элементтері бар немесе авторлығы көрсетпей алынған, жасанды интеллект жасаған жұмыстарға жол берілмейді. Плагиат немесе жасанды интеллект жасаған жұмыс фактісі анықталған

жағдайда жұмыс шешімді қайта қарау мүмкіндігінсіз конкурстан алынады.

- Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды және ұйымдастырушыларда қалады.
- Ұйымдастыру комитетіне тапсырылмаған жұмыстар қатысуға жатпайды.
- Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» КММ-не Ломов көшесі, 38, 210-кабинетке нақты ұсынылмаған конкурстық жұмыстар Instagram желісінде жарияланса да, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Тел: 8 (7182) 66-12-37 – қалалық телефон;

+7 (705)769 43 13 – Кулатаева Милана Рашидовна;

+7 (705) 594 92 40 – Аскерова Эльмира Мамедбагировна;

+7 (706) 427 95 62 – Легович Анастасия Андреевна;

E-mail: kgu_crmi@mail.ru

**«Volunteer time» жобасы аясындағы
«Creative Flow: меняя мир через искусство»
конкурсына қатысуға өтінім**


1. Аты-жөні _____
2. Туған күні (толық) _____
3. Номинация _____
4. Қазіргі қызметі (жұмыс орны, лауазымы/оқу орны)

6. Тұрғылықты мекенжайы _____
7. Байланыс телефоны _____
8. Электрондық пошта _____
9. Әлеуметтік желідегі аккаунты _____

***Ескерту:** Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін, ұсынылатын құжаттар түпнұсқа болып табылады, сәйкессіздік пен жарамсыз деректер үшін жеке өзім жауапты боламын.*

(Қолы)

(Күні)



Нравится: 1

Описание работы (до 200 слов)

[@birgemiz_front_office_pvl](#)

[#CreativeFlow_меняя_мир_через_искусство](#)

1 мин. назад